

Ырықсыз етіс

Ырықсыз етіс деп етістік түбіріне жалғанып, орындаушысы тікелей қатыспайтын, қимыл, іс-әрекетке өздігінен орындалатын мән үстейтін етістің түрін айтамыз. Ырықсыз етіс негізінен сабақты етістіктерге *-ыл, -іл, -л* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Түбір құрамында *л* дыбысы болса, ырықсыз етіс *-ын, -ін, -н* қосымшасы арқылы жасалады, мысалы, *үй тазаланды, хабар алынды, киім ілінді* т.б. *-ын, -ін, -н* қосымшасы кейде құрамында *л* дыбысы жоқ сөздерге де жалғанып, ырықсыз етіс формасын жасайды. Мысалы, *қарасы көріну* дегенде түбір *көр* етістігінің құрамында *л* дыбысы жоқ.

Ырықсыз етіс жұрнақтары сабақты етістіктерге жалғанғанда, оларды салт етістіктерге айналдырады. Мысалы, *жина (нені?) – жиналды, төк (нені?) – төгілді, бер (нені?) – берілді* т.б. Сол сияқты *кітап оқы-л-ды, үй тазаланды, астық жина-л-ды, сөз сөйле-н-ді, хат жаз-ыл-ды* т.б. оқу қимылының, іс-әрекетінің тура объектісі – кітап, тазалаудың тура объектісі – үй, жинаудың тура объектісі – астық, сөйлеудің тура объектісі – сөз, жазудың тура объектісі – хат, ал ырықсыз етіс қосымшасы (*-л, -ыл, -н*) жалғану арқылы, біріншіден, оқу, тазалау, жинау, сөйлеу, жазу іс-әрекеттері өздігінен болғандай, көрсетілген тура объектілері бұл сөйлемшелерде грамматикалық бастауыш қызметін атқарып тұр, соның арқасында, екіншіден, ырықсыз етіс тұлғалы етістіктер салт етістік болып тұр, яғни ырықсыз етіс қосымшалары сабақты етістікке жалғанып, оны (сабақты етістікті) салт етістікке айналдырып тұр.

Өздік етіс пен ырықсыз етістің ұқсас та, өзгеше де жерлері бар. Ұқсастығы: 1) қосымшалардың кейде бірдей болып келетіні, кейде өздік я ырықсыз етіс екені контекстен ғана байқалады, сөйтіп, бір-бірімен омоформа да жасайды: *Ол дәрігерге көрінді және Алыстан бір қара көрінді*; 2) екеуі де сабақты етістікті салт етістікке айналдырады. Негізгі айырмашылығы: олардың білдіретін семантикасында: өздік етісте логикалық (іс иесі) субъект-грамматикалық субъект (бастауыш) болады, ал ырықсыз етісте грамматикалық бастауыш логикалық объект болады. Сол сияқты *Бала керілді* дегенде әрекет иесі субъект өзіне қатысты әрекетті жасап, өздік етіс формасында тұрса, *Желі керілді* деген сөйлемде амал-әрекет өздігінен жасалғандай болып, *-іл* тұлғасы ырықсыз етіс формасын тудырады. Өздік етіс формасын жасағанда субъект актив, ал ырықсыз етісте субъект пассив қызмет атқарады. Өздік етісте іс-әрекетті субъект орындайды, қимыл субъектіге бағытталады, ал ырықсыз етісте амал-әрекет өздігінен орындалғандай боп, орындаушы субъект көмескіленеді, жасырын субъектіге айналады.

Ал жалпы тарихи тұрғыдан өздік етіс пен ырықсыз етіс қосымшалары бір негізден тараған деген жорамал бар. Сондықтан да өздік етістегідей *-ын/ін/н* қосымшасы ырықсыз етіс формаларын (сөз сөйленді, жалақы төленді) жасайды.

Брықсыз етіс басқа етіс түрлерімен қабаттаса қолданыла алады.
Мысалы, *өн-дір-іл-у, төг-іл-т-у, үз-іл-т-у, ұйымдас-тыр-ыл-у* т.б.